

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қыс мезгілі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
31.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/28475/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Қозыбаева Гүлнар Құмарқызы**

Сабақтың тақырыбы: Қыс мезгілі.

**а) Білімділігі:** Қыс туралы түсініктерін кеңейту.**ә) Тәрбиелілігі:** Қыс жыл мезгілінің кереметін байқау арқылы оны бағалай білуге тәрбиелеу.**б) Дамытушылығы:** Қыс тақырыбына байланысты білімдерін дұрыс қолдана білу дағдыларының дамуына мүмкіндік беру.

Әдісі: интербелсенді тақта, сөздікпен жұмыс, көрнекілік, сұрақ-жауап, жұптық жұмыс.

Түрі: дәстүрлі

Көрнекілігі: слайдтар, үлестірме карточкалар, интерактивті тақта, сурет.

**Сабақтың барысы****I. Ұйымдастыру кезеңі***-Сабақ алдында мен сендерге сәттілік тілеймін!**-Ал енді, сендер бір-біріне тілек тілеңдер. (Балалар бір-біріне тілек тілейді).*

-Қазір қандай сабақ?

-Қазақ тілі нешінші сабақ?

-Бүгін нешесі?

-Аптаның қай күні?

-Балалар сабақта біз жаңа сөздермен танысып, мәтінмен тапсырмалармен жұмыс

істейміз.

*-Балалар, сабақты мен өлеңімен бастаймын:*

**Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,**

**Соқыр- мылқау танымас тірі жанды.**

**Үсті-басы- ақ қырау, түсі суық,**

**Басқан жері сықырлап, келіп қалды...**

*-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл өлең не туралы? (Қыс туралы)*

*-Қыс туралы біз қандай мақалдарды білеміз?*

**Қыстағы қар, жер ырысы.**

**Қыстағы суық - жаздағы ыстық.**

**Қыстың жүз күнін, жаздың бір күні асырар .**

*-Бүгін сабақта біз қыс туралы сөйлесеміз, жаңа сөздермен танысамыз, тапсырмаларды орындаймыз.*

**Жаңа сөздер:**

жамылады- покрывается

қатаяды- замерзает

сырғанайды -кататься

тебеді- кататься

жиі-жиі -часто

*-Енді мәтінмен жұмыс істейміз.*

**Қыс мезгілі.**

Жыл төрт мезгілге бөлінеді. Олар: қыс, көктем, жаз және күз. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн аязды, суық, жиі-жиі қар жауады. Үйлер, ағаштар қармен жамылады. Өзен мен көлдер мұз болып қатаяды. Балалар коньки, шаңғы теуіп,

шанамен сырғанайды.

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беру.

Жылда неше мезгіл бар?

Олар қандай?

Қыста күн қандай?

Не жиі-жиі жауады?

Үйлер, ағаштар немен жамылады?

Балалар қыста не істейді?

**2-тапсырма. Кластер құру.**


**Сергіту сәті**

**3-тапсырма.** Сөйлем құрастырыңдар:

ҚЫС ШАҢҒЫ ТЕБЕДІ ҚАР ҚАТАДЫ КҮН КЕЛДІ МҰЗ СУЫҚ БАЛАЛАР ЖАУАДЫ

**4-тапсырма.** Кестені толтыр.

Ақпарат	дұрыс	бұрыс
Қыс айлары: желтоқсан, қараша, ақпан.		
Өзен мен көлдер мұз болып қатаяды		
Қыста күн аязды, суық, жиі-жиі жаңбыр жауады		
Жыл төрт мезгілге бөлінеді.		

**5-тапсырма. Берілген суретке тірек сөздерге сүйеніп сөйлемдерді құрастырыңыз**

**6-тапсырма.**

**«Аққала» дидактикалық ойыны.**

— Балалар, қазір біз «аққала құрастыру» ойынын ойнайық. Тақтада аққаланың бөліктері. Сол бөліктердің артындағы сұрақтарға жауап беру керек.

*Қыста ауа райы қандай?*

*Қыста адамдар қалай киінеді?*

*Жерде не жатыр?*

*Қыста қандай мереке болады?*

*Бір жылда неше мезгіл бар?*

*Балалар не тебеді?*

**Үйге тапсырма:** сөздерді жаттау. Мәтінге қарап диалог құрастыру.

**Бағалау.**

**Рефлексия.**

Қандай жаңа сөздермен таныстық?

Нені білдік?

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.